ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 1 шілде Іс 7527-23-00-2/5156 Алматы қаласы

Құрамында Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты:
төрағалық етуші судья С.Баймакулова,
сот отырысының хатшысы Д.Өмірзақ,
ашық сот отырысында қарады, АВФ техникалық құралдарын және Whats App мобильді қосымшасын қолдана отырып, талап арыз бойынша азаматтық іс қаралды

ТАЛАП КОЮШЫ:
Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шарушалық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Сатаев» Сатаев Дамир Еркенович жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) 12 693,03 теңге айыппұлды өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
талап қоюшының өкілі Ахметұлы А.
Сатаев Д.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2032 жылғы 27наурызда тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №66 келісім шарты (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шартт пен, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес жауапкер шарт жасалған күннен бастап 2023 жылдың 11 сәуіріне дейін, тауарды жеткізуге тиіс еді.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, қызметтің көрсетілмегенін айтып, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қою арызын толықтай қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қою арызын мойындамай, жауапкер наурыз айының ішінде бірнеше рет барып қызмет көрсеткендігін және жұмыстар жасалғандығын айтып, бірақ тауар техникалық ерекшелік бойынша сәйкес келмегенін айтып, талап қою арызын қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Алайда, жауапкермен шарт бойынша өз міндеттемелері орындалмады, қызметтер көрсетілмеген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 72 және 73 баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Сонымен қатар, Шарттың 3.1. тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілгентауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-

Құжатқа қол қойылған: Баймакулова С. Н., 03.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 03.08.2023, судья Баймакулова С. Н., 08.02.2024
7527-23-3-1/6502

қосымшаға сәйкес нысанбойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге міндеттенеді.

Сот, жауапкердің шарт бойынша міндеттерді орындалды және қызметтер көрсетілді дегену әжін негізсіз деп санайды, өйткені жауапкер қызметті көрсеткен жағдайда екі жақты қол қойылған акт немесе орындалған жұмыстар бойынша есеп болуы тиіс. Алайда, жауапкер сотқа қызметтердің көрсетілгендігін растайтын ешқандай құжаттар ұсынбады.

Сонымен қатар, талап қоюшымен жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға заңмен белгіленген мерзімі өткізілмеген.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 117 бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шарушалық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Сатаев» Сатаев Дамир Еркенович жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы– қанағаттандырылсын.

«Сатаев» Сатаев Дамир Еркенович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Сатаев» Сатаев Дамир Еркенович жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде берілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Баймакулова С. Н., 03.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 03.08.2023, судья Баймакулова С. Н., 08.02.2024
7527-23-3-1/6502

Судья: С. Баймакулова

Құжатқа қол қойылған: Баймакулова С. Н., 03.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.08.2023, судья Баймакулова С. Н., 08.02.2024

7527-23-3-1/6502